


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**Қазақ хандығының құрылуының  
550 жылдығына орай ұйымдастырылған  
«ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ:  
ТАРИХ, ТЕОРИЯ ЖӘНЕ БҮГІНГІ КҮН» атты  
халықаралық ғылыми-теориялық  
конференция**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**5-6 маусым 2015 жыл, Алматы қаласы**



## ЕКІНШІ СЕКЦИЯ/ВТОРАЯ СЕКЦИЯ

### ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ КӨРШІ ЕЛДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ/ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА С СОСЕДНИМИ ГОСУДАРСТВАМИ

Кәрібаев Б. Б. Қазақ хандығының құрылуы және тарихи маңызы .....	122
Жолдасбаев С. Жәнібек ханның ту тіккен хантауы .....	129
Ташенев М.Ж. Древние столицы казахского ханства и становление государственности .....	132
Кошанов Б.А. Взаимоотношения казахов и каракалпаков в XV-начале XIX веках .....	136
Таймасов С.У. О роли суфизма в башкиро-казахских отношениях конца XVII – первой половины XVIII века .....	137
Хаутала Р. Ранняя европейская реакция по отношению к инвазии монголов в Польшу И Венгрию в 1241–42 годах .....	140
Michael Hancock-Palmer The creation of Elim-ai .....	143
Сайлан Б.Кенесары хан тұсындағы көшпелілердің әскери өнері мен ісі.....	148
Мукатаева Л.К. Предпосылки Российской экспансии в Центральную Азию (на примере Казахстана по документам государственного архива Омской области) .....	152
Абдилдабекова А.М. Личность Абулхайр хана в русских исследованиях XIX века.....	155
Избасарова Г.Б. Шергазы хан и Оренбургские правители .....	157
Султаналнев Б. Т. Военно-политические крепости Кокандского ханства на территории Северного Кыргызстана.....	160
Жаппасов Ж.Е. XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығы мен орыс мемлекетінің қарым-қатынас тарихының зерттелуі: теориялық-методологиялық мәселелері.....	163
Тасилова Н.А. XVI ғасырдағы қазақ хандығының көрші елдермен байланысы.....	166
Макашева Ж.С., Смагулова А.З., Кумганбаев Ж.Ж. Процесс развития международных отношений в XIII веке на примере внешней политики Золотой Орды.....	169
Құрманалина Н.Н. В.Я. Басин және XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары тарихы .....	173
Әбденев А.Ж. Қайдауыл батыр Едігеұлы .....	175
Калиев Д.Д. Қазақ хандығы жер-аумағының қалыптасуының кейбір мәселелері .....	178

## ҮШІНШІ СЕКЦИЯ/ТРЕТЬЯ СЕКЦИЯ

### ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖОЙЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ/ ИСТОРИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ, РАЗВИТИЯ И УПАДКА КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

Әбжанов Х. Қазақ хандығының бастаулары мен тарихи дәуірі .....	182
Ван Сюфу, Нәбижан Мұқаметханұлы, Қазақтың орта ғасыр тарихы жөнінде жаңа ойлар .....	187
Атығаев Н.А. К вопросу о трактовке предистории образования Казахского ханства .....	191
Көкебаева Г.К. Қазақстандағы және Еуропа елдеріндегі сословиелік-өкілдік монархия: салыстырмалы талдау.....	199
Қаражан Қ.С., Құмганбаев Ж.Ж. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінің Қазақ хандығының тарихында алатын орны .....	201
Ковальская С.И. Территория и население Казахского ханства в описаниях Европейских авторов XV-XVII веков .....	204
Жүгенбаева Г. Халық ономастикасы - тарихи дерек көзі ретінде .....	208
Абдирайымова А.С., Мырзалы С.Қ. Көшпенділердің мемлекеттік құрудағы тарихи тәжірибесі және бүгінгі қазақ елі.....	212
Мажитова Ж.С. Вклад М.П. Вяткина в исследование национально-освободительного движения казахов под руководством бия-батыра Срыма Датова.....	215
Ташкенбаева Д.А. Аспекты образования казахского ханства в историографии российских исследователей .....	219
Ташкенбаев Т.Т. Особенности исторического развития духовной культуры Казахского ханства: история и современность .....	221
Жантелиева Н.Г. А.Н.Бернштам: истории Казахской ССР с древнейших времен до наших дней.....	223
Илхомов З.А., Якобжанов Ж.Ж. Особенности политического развития казахской государственности: историографический анализ .....	225
Сабденова Г.Е. Профессор Д.И.Дулатова «шоқантанушы» ғалым .....	227
Буланов Е.О., Мухажанова Т.Н. Қазақ хандығының құрылуына қатысты жазба дерек мәліметтеріне тарихнамалық талдау .....	230

аймақтары» [10, Б. 162] – Жүздер қалыптасты. Қазақ Жүздері рулық принциппен құрылса да, әкімшілік-территориялық құрылым функциясын атқарды.

Қазақ хандығында жоғарғы заң шығару органы сұлтандар мен қауым өкілдерінен құралған мәслихат болды. Мәслихат жылына бір рет жиналатын және қоғамдағы аса маңызды мәселелерді талқылап, шешеім қабылдайды, төрелер қатарынан хан сайлайды. XVII ғ. Билер кеңесі шақырыла бастады, бұл кеңесте сот, заң шығару, әскери мәселелер қарастырылды. Бұл Кеңес құрамында қазақтың дәстүрлі құқығын жақсы білетін, шешен, ойлы, ақылды билер болды. Демек, Орыс мемлекетіндегі Земский собордың функциясын Қазақ хандығында Мәслихат пен Билер кеңесі атқарды. Осылайша Қазақ хандығында мемлекетті басқаруға, заңдар шығаруға сословиелер өкілдерінің қатысуына мүмкіндік беретін басқару формасы болды.

Тәуке ханның кезінде Билер кеңесі «Жеті жарғы» заңын қабылдады. Жеті-жарғы заңында жер дауы, жанұядық құқық жүйесі, ұрлықты тыю, халықты адалдыққа, еңбек етуге тәрбиелеу, ел ішіндегі дау-жанжалды әділдікпен шешу, Отанды табандылықпен қорғау, әскербасыларын сайлау, ауызбірлікті болу, құн дауы, жесір дауы сияқты қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелері, халықтың күнделікті өмір салтын реттеу жағдайлары қарастырылды [11, Б.14]. Көсемдікте биліктің тұрақты органдары және заңдар болмайды, тек әдет-ғұрып қана бар. Ал Қазақ хандығының «Жеті жарғысы» – заңдар жинағы. Демек, осы бір қарапайым салыстырудың өзі Қазақ хандығының әлдекімдер айтқандай «көсемдік» емес, нағыз мемлекет болғанын көрсетеді. Қазақ хандығының мемлекеттік формасын өкілдік-сословиелік монархия деп сипаттауға болады.

Әрине, бұл күрделі мәселені шағын мақала аясында толық ашу мүмкін емес, сондықтан негізгі мақсат – Қазақстан тарихының негізгі үдерістері мен құбылыстарын дүниежүзі тарихы аясында зерттеу мәселесін көтеру ғана болып отыр. Қазақстанның әлемдік тарихи үдерістегі орнын анықтау үшін біз оны басқа халықтар, басқа елдер тарихымен салыстыруымыз қажет.

- 1 Marongiu A. Medieval Parliament. A Comparative Study. – London, 1968; Fritz V. State-Building. A comparative study of Ukraine, Lithuania, Belarus, and Russia. Budapest: Central European University Press, 2007; Graves M.A. The Parliaments of Early Modern Europe: 1400 – 1700. New York: Routledge, 2014.
- 2 Носов Н.Е. Становление сословно-представительных учреждений в России (Изыскания о земской реформе Ивана Грозного). Ленинград: Наука, 1969; Черепнин Л.В. К вопросу о складывании сословно-представительной монархии в России (XVI в.). – История СССР.- 1974. - № 5. – С. 51-70.
- 3 Алексеев Ю.Г. Государь всея Руси. – Новосибирск: Наука, 1991.
- 4 Хорос В.Г. Русская история в сравнительном освещении. – М.: АО Аспект- пресс, 1994.
- 5 Torke H.-J. Die Staatsbedingte Gesellschaft im Moskauer Reich. Zar und Zemlja in der altrussischen Herrschaftsverfassung, 1613-1689. (Studien zur Geschichte Osteuropas, XVII). – Leiden, 1974; Von Moskau Nach St. Petersburg: Das Russische Reich Im 17. Jahrhundert. Ed. By Hans-Joachim Torke. – Wiesbaden: Otto Harrassowitz Verlag, 2000; Grummey R.O. Die Staatsbedingte Gesellschaft revisited // Russische und Ukrainische Geschichte Vom 16.-18. Jahrhundert. Hrsg. R.O. Crummey, H.Sundhaussen, K.Vulpius. – Wiesbaden: Otto Harrassowitz Verlag, 2001. – S.21-28.
- 6 Лукашевич М.Б. Эволюция формы российского государства (историко-правовой анализ) : автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Санкт-Петербург : РГПУ им. А. И. Герцена, 2007.
- 7 Бұл мәселе жан-жақты зерттелген еңбек: Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: Сардар, 2014.
- 8 Моисеев В.А. Россия-Казахстан: современные мифы и исторические реалии. Барнаул, 2001.
- 9 Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.). Алма-Ата, Гылым, 1991.
- 10 Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
- 11 Тасбулатов М. Становление и развитие Конституции Республики Казахстан. – Павлодар: ПГУ, 2008.

## МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДІҢ «ТАРИХИ РАШИДИ» ЕҢБЕГІНІҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

**Қ.С. Қаражан**

т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

**Ж.Ж. Құмғанбаев**

PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері ұзақ жылдар бойына дейін ғалым-зерттеушілердің назарынан тыс келген ұлттық тарихымыздың көкейкесті мәселелері бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз болғандығы белгілі. Бұл өз кезегінде тарихымыздың ақтаңдақ мәселелерінің мәні ашылып, өз шешімін табуына жалғасты. Осы бағыттағы жұмыстар әлі де болса белсенді жүргізілуде. Оның дәлелі сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының жүріп өткен жолы мен басынан кешкен оқиғалар желісінің зерттеу нысанына айналып, жазылуында деп түсінеміз. Әрине мұндай үрдіс, яғни өз тарихын түгендеуге деген ұмтылыс сөзсіз көңіл қуантады. Алдымен бұл үрдістің оң ықпалы жаһандану

заманында ұлттың ұлт болып сақталып қалуы үшін аса маңызды десек, сонымен қатар, өскелең ұрпақ тәрбиесінде де ерекше маңызды. Сондықтан болар бұл аталған мәселелерге деген қызығушылық күн санап артуда. Отандық тарих ғылымында аса өзекті болған тарихи тақырыптардың бірі – Қазақ хандығы мәселесі болып табылатыны ақиқат. Өз кезегінде Қазақ хандығының толық саяси тарихын ашу үшін тарихи деректерді терең талдаудың қажеттілігі жоғары. Өйткені кез-келген тарихи оқиғалар желісін ашу және оны шынайы сипаттай отырып, зерттеу үшін алдымен деректерді іздестіру, табылған деректермен жұмысты дұрыс ұйымдастырудың қажеттілігі туындайды. Бүгінгі күні Қазақ хандығының саяси-экономикалық және әлеуметтік, рухани тарихына қатысты деректердің бірқатар топтары белгілі болып отыр. Бір топ тарихи деректердің қатарында өзіндік бірегейлігі және өзіндік ерекшелігімен дараланып тұратын деректің бірі сөзсіз Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» еңбегі болып табылады.

Мұхаммед Хайдар Дулати Қазақ хандығының қазығы қағылған тарихи жерде өсіп, азамат ретінде қалыптасқан. Сондықтан автордың еңбегі мен оның келтірген мәліметтері шынайылыққа жақындығымен де ерекшеленеді. Біздің пікірімізше Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегі Қазақ хандығының тарихын ашуға бағытталған шынайылығы жоғары алғашқы еңбектердің бірі болып табылады. Бұл өз кезегінде осы еңбек авторын қазақ халқының тұңғыш тарихшысы деп айтуға негіз береді. Сонымен қатар автордың бұл еңбегі тек қана Қазақ хандығы ғана емес, Орта Азия және түркі тектес халықтардың да тарихын қамтуымен де ерекшеленеді. Демек біз үшін ғана емес, түркі халықтарының тарихы үшін құндылығы жоғары саналатын еңбек сөзсіз бүкіл түркі халқының тарихын баяндайтын құнды жәдігер.

Қазақ халқының этникалық құрамындағы дулат руынан шыққан Мұхаммед Хайдар 1499 жылдың Мұхаммед Хұсайын Дулатидің отбасында дүниеге келген. Мұхаммед Хайдар Дулатидың әкесі Мұхаммед Хұсайын жастайынан билікке араласып, уақыт өте Моғолстанның билеушісі Шағатай ханның ұрпағы Жүніс ханның кіші қызы Хуб Нигар ханымға үйленген. Мұхаммед Хұсайын мен Хуб Нигардың некесінен дүниеге келген Мұхаммед Хайдар Дулатидың шығу тегі мен оның өскен ортасы, азамат болып қалыптасуы турасында Заһир ад-дин Мұхаммед Бабыр өзінің «Бабырнама» еңбегінде: «Жүніс ханның үшінші қызы – Хуб Нигар ханым. Оны Мұхаммед Хұсайын Дулатқа атастырған. Одан ол бір қыз, бір ұл көтерді. Қызын Убайдаллах хан, Мұхаммед Шайбанидың немере інісі алды. Хуб Нигар ханымның баласы Хайдар мырза еді: Әкесін көшпелі өзбектер өлтіргеннен кейін, ол үш-төрт жыл менің қасымда болды. Содан кейін рұқсат сұрап Қашғардағы ханға кетті. Енді ол орнықты, байсалды азамат болып, жақсы жолға түсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын июге қолының ебі бар. Он саусағынан өнер тамған жігіт. Ақындық дарыны да бар еді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сөз саптауы тәп-тәуір» - деп Мұхаммед Хайдар Дулатидың өміріне қатысты біз үшін маңызды мәліметтерді береді [1, 180 б].

Дәл осы Бабырдың жорықтарына Мұхаммед Хайдар Дулати да қатынасып, өзін жауынгер халықтың ұрпағы ретінде де таныта алған. Бұл жорықтар Мұхаммед Хайдар Дулатидың Кабулда тұрған уақытында болса керек. Мұхаммед Хайдар Дулатидың мұндай шайқастарға қатысуы оның әскери қолбасшылық қасиетінің дамуымен қатар, «Тарихи Рашиди» еңбегінің құндылығы жоғары болуына да өз септігін тигізген деп санаймыз. Мұхаммед Хайдар Дулати Қашғарияда 19 жылға жуық өмір сүрген. Осы жылдары Саид хан Мұхаммед Хайдар Дулатиды өзіне жақын тартып, саяси істеріне де араластырып отырған. Оған дәлел Мұхаммед Хайдар Дулати Саид ханның жорықтарына да қатысқан. Нақтырақ айтқанда 1524-1525 жылдары Мұхаммед Хайдар Дулати Саид ханның Моғолстандағы қырғыздарға жасаған жорығына және 1527-1528 жылдары Ауғанстанның солтүстігіндегі Ислам дінін қабылдамаған Кәпірстанға, 1528-1530 жылдары Бадахшанға, 1532 жылы Кіші Тибетке ұйымдастырылған жорықтарына қатысқан [2, 187 б]. Бұл сөзсіз Мұхаммед Хайдар Дулатидың тарихшылығымен қатар, қолбасшылық қырынан да сипат береді деп санаймыз.

Дегенмен қазақтың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың 1533 жылдың жазында Саид ханның өлімінен кейінгі өмірі өзгереді. Өйткені Моғолстан билігіне Саид ханның ұлы Әбд ар-Рашидтің келуі, Моғолстанда ерекше беделге ие болып келген дулат руына қатысты көзқарасты өзгертеді. Бірақ Әбд ар-Рашид жас кезінде Хайдар мырзаның тәрбиесінде болған. Мұхаммед Хайдар Дулати Әбд ар-Рашидті соғыс өнеріне үйретіп, ел билеудің мәнісін түсіндірген. Дегенмен ел билігі қолына тие салысымен Әбд ар-Рашид елдегі дулат руының беделінің тым жоғары болуы және соның салдарынан мемлекет билігінен айрылып қалу қаупінен қорқып, дулат руының беделді тұлғаларына қарсы әрекеттерді ұйымдастыра бастайды. Оған дәлел сол Мұхаммед Хайдар Дулатидың немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырзаның өлтірілу еді. Осы хабарды естісімен Мұхаммед Хайдар Дулати Кашмирден келе жатқан бойда-ақ Тибет пен Бадахшан өлкесіне қоныс аударған. Сөзсіз бұл қауіптің өзіне де төну мүмкіндігінің тым жоғары болуы себепті еді.

Осы уақыт аралығында Бабыр қайтыс болып оның орнына келген Һумаюн мемлекеттік биліктен айрылған болатын. Ал одан кейінгі Шерхан билігі де беріктігімен ерекшеленбегенге ұқсайды. Өйткені оның тұсында Кашмир уалайаты басшысыз қалады. Бұл өз кезегінде Мұхаммед Хайдар Дулатидың Кашмирді өзіне бағындыруына жалғасады. Мұхаммед Хайдар Дулати Кашмирді он жылға жуық басқарып, осы уақыт аралығында өзіне қараған қалалар мен қоныстардың әл-ауқатын көтереді. Мәдениеттің өркендеуіне жағдай жасайды. Уақыт өте Тибетті де өз иелігіне қосып алды. Алайда кейбір деректерге қарағанда күтушілерінің бірі уланған жебемен атып, ғұлама ғалым, қазақтың тұңғыш тарихшысы 1551 жылы қайтыс болды [3, 112 б.].

Мырза Хайдар Дулати Кашмирде билік құрған жылдары парсы тілінде «Тарихи Рашиди» атты Орталық Азия халықтарының XIII-XVI ғасырлардағы тарихы, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы өзі көрген, куәсі болған басқа да жайттарды баяндайтын тарихи шығармасын жазған. Автордың тарихи шығармасын ағылшындар XIX ғасырда Индиядан тауып, белгілі шығыстанушы Дэнисон Росстың аудармасымен бірнеше рет Лондонда жариялады. Ал 1996 жылы Өзбекстан ғалымдары бұл еңбекті орыс тіліне толық тәржімалап, басып шығарды [4, 10 б.]. Ал аталмыш шығарма қазақ тіліне 2003 жылы аударылып, жарық көрген болатын [5].

«Тарихи Рашиди» еңбегі 1542-1546 жылдар шамасында Кашмирде жазылған. Қазақ хандығының тарихы бойынша құндылығы жоғары саналатын аталмыш дерек «екі дәптерден» тұрады. Тарихи дерек Моғолстан мемлекетінің құрылу тарихы және осы мемлекеттегі дулат тайпасының орны мен қызметі турасында баяндалып, тарихи-мемуарлық сипаты басым болған, автор өзі көріп куәсі болған, басынан өткен, немесе естіген жайттар мен түрлі оқиғалар тізбектеп жазылған. Нақтырақ айтқанда, Тоғылық Темір ханнан өзін және дулат тайпаларын осы мемлекет жерінен қуған Әбдірашид билеушіге дейінгі аралықтағы оқиғалар желісін барынша шынайы көрсетуге тырысады. Сонымен қатар автор өзі болған жерлерді және сол аймақтар мен мемлекеттерге сипаттама бере отырып, өзіндік қорытындыларын да ашық баяндап отырады.

Әрине автордың құндылығы жоғары тарихи еңбегінің Қазақ хандығының құрылу тарихы мен саяси оқиғалар желісін айшықтап берген тұстары біз үшін аса маңызды. Атап айтқанда Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі шиеленісті тұстар, Уәйіс ханның кенже ұлы Есенбұға мен Жүніс хан арасындағы тақ үшін талас-тартыстар және кошпелі өзбек ханы Әбілхайырдан көп қысым көрген Жәнібек хан мен Керей ханның одан бөлінуі, Моғолстандағы шиеленісті ахуалды сәтті пайдалана отырып Шу мен Қозыбасыға қоныстану, Есенбұғаның оларды құшақ жая қарсы алуы, Әбілхайыр хан қайтыс болған кейін оның ұлысындағы тұрғындардың Жәнібек пен Керейге келіп қосылуы жайлы мағлұматтар дәл осы шығарманың біз үшін өзекті тұстары болып табылатыны сөзсіз.

Қазақ хандығының құрылуына септігін тигізген осы оқиғалар желісі, яғни Қазақ хандығының құрылу мерзімін автор 1465 жыл деп көрсетеді. Демек 1465 жылдан басталған Қазақ хандығының саяси тарихын автор Бұйдаш ханның билік ету жылдарына дейін жалғастыра отырып, қазіргі таңдағы зерттеушілер үшін аса маңызды болып табылатын мәселелерді қалдырып кеткен. Сөзсіз автордың тарихи шығармасының құндылығы – ондағы мәліметтердің шынайылыққа барынша жақындығында деп түсінеміз. Өйткені Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди» еңбегін жазу барысында өзіне дейін өмір сүрген араб-парсы және өзге де, яғни Мир Гийас ад-Дин Мансур, Жамал ад-Дин Қарши, Йақұт әл-Хамауи ар-Руми, Рашид ад-Самарқанди, Ұлықбек, Мұхаммед Қази, Мұхаммед Захир ад-Батыр, Ата Мәлік Жувайни, Шараф ад-Дин Әли Йазди, Мирхонд, Хондемир секілді белгілі тарихшы мен жылнамашылар еңбектерін белгілі бір деңгейде қолданып, деректің құндылығын арттырған. Мұның өзі оның ортағасырлық түркі әдеби тілі болған шағатай тілінен өзге араб-парсы тілдерін де жақсы білгендігін көрсетеді. Аталмыш авторлардың туындыларын ол Орталық Азия елдері мен оны мекен еткен түрлі тайпа, ру, ұлыстардың тарихын баяндағанда пайдаланып, жүйелі түрде қолдана алған. Сөзсіз автордың бұл ізденісі мен жан-жақтылығы «Тарихи Рашиди» еңбегінің деректік маңызын, мәліметтердің дәлдігін арттыра түскен.

Аталмыш автордың еңбегінің тарихи тағлымы мен оның құндылығы турасында қазақтың біртуар ұлдарының бірі Шоқан Уәлиханов өз ойын білдіруі сол заманның тарихшы-зерттеушілері үшін жаңа деректің маңыздылығы жоғары екендігін көрсетті. Ал В.В. Вельяминов-Зернов болса өзінің «Исследование о касимовских нарах и царевичах» атты зерттеу жұмысында дәл осы Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегін белсенді пайдаланып, оның маңыздылығын да терең ескерген [6]. Өз кезегінде Орта Азия мен Қазақстан тарихын кеңінен зерттеген ғалымдардың бірі болып табылатын В.В. Бартольд Мырза Хайдар Дулатидың еңбегіне зор мән бере отырып, өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында кеңінен пайдаланған [7]. Сонымен қатар Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегін өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында белсенді пайдаланып, тіпті зерттеу нысаны ретінде тандап алған ғалымдардың қатарында Ә.Х. Марғұлан, Т.И. Сұлтанов, Н.Н. Мингулов, Р.Г. Мукминов, С.Ә. Әзімжанова, Х. Хасанова, Б.Б. Кәрібаев сынды ғалымдарды атап отуға болады.

Әрине қазақ тарихы ғана емес, түркі елдерінің тарихы үшін маңызды саналатын еңбектің авторы болған Мұхаммед Хайдар Дулатидың тарихи тұлғасына қатысты және оның еңбегінің жалпы түркі халықтары ғана емес, халықаралық дәрежеде насихатталу ісі де көңіл қуантады. Мысалы 1999 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылым, білім мен мәдениет саласындағы іс-шараларды жіті қадағалауында ұстайтын ЮНЕСКО-ның айтулы мерзімдер күнпарағына Мұхаммед Хайдар Дулатидің туылғанына 500 жыл тойы енгізілген болатын. Ал 1996 жылы Әмір Темірдің 660 жылдығына орай Өзбекстан Ғылым академиясы Шығыстану институтының ғалымдары «Тарихи Рашиди» еңбегін орыс тіліне аударып, Дулати мұрасының насихатталуы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында белсенді пайдалануына үлкен еңбек сіңіре алды. Бүгінде Республикалық деңгейдегі баспасөз беттерінде Мұхаммед Хайдар Дулати туралы мақалалар белсенді жариялануда. Ал еліміздің жоғары оқу орындарының бірі Тараз мемлекеттік университетіне ғалымның аты беріліп, ұрпақтар сабақтастығы жалғасуда.

- 1 Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. «Бабырнама» А., 1993.
- 2 Ә.Дербісалиев. «Қазақ даласының жұлдыздары» А., 1995.
- 3 С.Жолдасбайұлы. М.Х.Дулати және XV-XVI ғ.ғ. Қазақ хандығы. Алматы: Қазақ университеті, 2000.
- 4 Дербісалиев Ә. М.Х. Дулати – өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. Алматы, 1999.
- 5 М.Х. Дулати. Тарихи Рашиди. Алматы, 2003
- 6 В.В. Вельяминов-Зернов. Исследование о касимовских царях и царевичах. Санкт-Петербург, 1863. – 566 стр.
- 7 Бартольд В.В. Сочинения. Москва: Наука, 1968. – 437 с.

## ТЕРРИТОРИЯ И НАСЕЛЕНИЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В ОПИСАНИЯХ ЕВРОПЕЙСКИХ АВТОРОВ XV-XVII ВЕКОВ

**С.И. Ковальская**

д.и.н., профессор кафедры истории Казахстана  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева  
г. Астана, Республика Казахстан

XV век на всей территории Евразии во многом был временем полной, как бы сказали сейчас, перезагрузки существующего на тот момент геополитического расклада и социально-политического порядка. В прошлое уходило Золотордынское господство, великие географические открытия создали мир в тех представлениях, которые владеют нами и теперь, началась эпоха мировой колониальной экспансии. Ганзейских купцов, снабжавших весь Запад продуктами Востока в период с XII по XV век – пряностями, драгоценными камнями, шелками и другими предметами роскоши, в борьбе за колонии на Востоке сменила Португалия, со второй половины XVI в. – Англия, а в конце XVI в. и начале следующего столетия в эту борьбу вступила и Голландия. Португальцы, испанцы, голландцы, англичане, французы осваивали новые территории, населенные иными, неевропейскими народами. Неоднократно судьба забрасывала их и на территорию казахских степей или же они имели возможность узнать о ней из первых уст.

В этот же период начал сужаться ареал распространения кочевничества в Евразии. Наблюдался рост политической нестабильности. Усилия отдельных правителей приводили к созданию достаточно крепких военно-деспотических государств, как правило, только на период их жизни, которые вскоре после смерти этих лидеров вновь погружались в пучину междоусобиц и распрей. Караванные пути постепенно стали обходить стороной эти районы, не находя здесь никакой экономической выгоды, так как внутренние рынки могли сами обеспечить себя теми товарами, которые могло на тот момент предложить скотоводческое хозяйство. Следовательно, постепенно в упадок приходили города, а следом за ними и ремесла. С распадом Золотой Орды менялся геополитический вектор развития Евразии.

Казахское ханство приняло на себя все тяготы новых исторических условий, так как именно период с XV-н.XVIII веков стал временем его становления и существования в собственных национальных координатах, в логике собственного развития несмотря на достаточно сложную внешнеполитическую ситуацию, которая сложилась к тому времени.

Все это вместе взятое вызывало необходимость определения «себя», а также формировало представления о «другом» или «ином». Образ страны и ее народа – это чаще всего некоторый объем объективной информации, преломленный в индивидуальном или коллективном мировосприятии и системе ценностей. В данной статье мы попытаемся проследить первые сформировавшие представления и образы о нашем регионе и его населении в европейских источниках XV-XVII веков.